

"Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1031 Жарлығы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

мен

Үкіметі

актілерінің

жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөніндегі» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 39, 563-құжат; 2014 ж., № 4, 29-құжат; № 28, 227-құжат; № 32, 279-құжат; № 55-56, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережеде:

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) терроризмге қарсы іс-қимылдың халықаралық практикасын зерделеу;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының құрамына кіретін мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілетін Қағидаларға сәйкес мемлекеттік органдардың терроризм туралы «Антитеррор» ақпараттық жүйесіндегі электронды ақпараттық ресурстарын құру, сатып алу, жинақтау, қалыптастыру, тіркеу, сақтау, өңдеу, жою, пайдалану, беру, қорғау жөнінде шаралар тұжырымдау;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының құрамына кіретін мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілетін Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының интернет-ресурсын қалыптастыру және дамыту жөнінде шаралар тұжырымдау;»;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) «Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының жаршысы» мерзімдік б а с ы л ы м ы н ш ы ғ а р у ; » ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және орталықтармен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша меморандумдар мен шарттарды

әзірлеуге және жасасуға қатысуға;»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына өзінің уәкілетті өкілдерін жіберген немесе іссапарға жіберген мемлекеттік органдарға марапаттау немесе оларға тәртіптік жаза қолдану жөнінде өтініш енгізеді.

Мемлекеттік органның іссапарға жіберілген уәкілетті өкілі деп терроризмге қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына іссапарға жіберілген арнаулы мемлекеттік органның, құқық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші түсініледі.

Мемлекеттік органның жіберілген уәкілетті өкілі деп терроризмге қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына жіберілген арнаулы мемлекеттік органның, құқық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші, мемлекеттік әкімшілік қызметші түсініледі.»;

6-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

9 және 10-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

«4-1. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына мемлекеттік органдардың уәкілетті өкілдерін іссапарға жіберу немесе жіберу т ә р т і б і

26-1. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына олардың уәкілетті өкілдері іссапарға жіберіледі немесе жіберіледі.

26-2. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына мемлекеттік органның уәкілетті өкілін іссапарға жіберу «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады .

26-3. Мемлекеттік органның уәкілетті өкілін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына жіберуді мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының басшысымен келісім

б о й ы н ш а

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

26-4. Мемлекеттік органның уәкілетті өкілін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына жібермес бұрын мемлекеттік органның уәкілетті өкілінің жеке ісі қарау үшін ұсынылады және қажеттігіне қарай Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы жұмыс органының басшысы с ұ х б а т т а с у ж ү р г і з е д і .

26-5. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы басшысының жазбаша келісімі алынған жағдайда мемлекеттік орган он жұмыс күні ішінде өзінің уәкілетті өкілін мемлекеттік органның штатында қалдыра отырып, Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына жіберу туралы б ұ й р ы қ ш ы ғ а р а д ы .

Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына қызметке жіберілген мемлекеттік органның уәкілетті өкілінің қызмет ету мерзімін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы басшысының келісімімен айқындайды, бірақ бір жылдан кем болмауға тиіс.

26-6. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы жұмыс органының басшысы жіберілген уәкілетті өкілді Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органының тиісті құрылымдық бөлімшесіне уақытша есепке алуға қабылдау туралы б ұ й р ы қ ш ы ғ а р а д ы .

26-7. Мемлекеттік органның жіберілген уәкілетті өкілін алмастыру қажет болған жағдайда жіберуші мемлекеттік орган осы Ереженің 26-3, 26-4 және 26-5-тармақтарында белгіленген тәртіпте басқа кандидатураны ұсына отырып, Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының басшысын жазбаша түрде х а б а р д а р е т е д і . » ;

мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

«28. Мемлекеттік органдардың іссапарға жіберілген уәкілетті өкілдерін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органында қызмет өткеру кезеңінде қаржылай, материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидаларымен белгіленген тәртіпке с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Мемлекеттік органдардың жіберілген уәкілетті өкілдерін Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органында қызмет өткеру кезеңінде қаржылай

, материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету қызметкерлерді жіберген мемлекеттік органдарды қамтуға көзделген нормалар бойынша және қаражат есебінен жүзеге асырылады. » .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК